



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне кейс-менеджмент
стандарттарын енгізу мәселелері»**

**атты on-line ғылыми-тәжірибелік конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

On-line научной конференции

**«Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в
практику социальной работы»**

PROCEEDINGS

On-line Scientific Conference

for students and young scholars

**«Issues of implementation of standards and case
management in social work experience»**

2019 жыл 11 сәуір

Нұр-Сұлтан

УДК 364

ББК 65.272

Ә 53

«Әлеуметтік жұмыс тәжірибіесіне кейс-менеджмент стандарттарын енгізу мәселелері» On-line ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Международная научно-практическая On-line конференция: «Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы»

On-line scientific-practical conference on «Issues of implementation of standards and case management in social work experience». <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2019. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

В сборнике представлены доклады преподавателей, магистрантов, докторантов, молодых ученых и студентов по актуальным вопросам профессиональной подготовки обучающихся по социальной работе в аспекте проблем внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы.

Для преподавателей и студентов по направлению подготовки «Социальная работа», практиков социальной защиты, а также всех интересующихся современными проблемами подготовки кадров высшей школы.

Редакционная коллегия:

Отар Эльмира Сәкенқызы - доктор PhD, и.о.доцента, заведующий кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Урузбаева Гаухар Тлеубердыевна - к.пед.н., доцент, и.о.профессора кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Есимова Динара Габиболлаевна - доктор PhD, и.о.доцента кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исаханова Асель Алимахановна - доктор PhD, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исахова Гулазия Дуйсенхановна – магистр, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Досмурзаева Динара Онгаровна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Манжугулова Айгерим Ерлановна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Капин Батина -магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Аубакирова Аягоз Каиртайевна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Шанбаева Гульназ Нурдыгуловна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша ОӘБ РОӘЖ. УМО РУМС по специальности «Социальная работа» . 6В10-7М10-7R10-8D09 Здравоохранение и социальное обеспечение (Медицина). 102- Социальное обеспечение.

МАЗМҰН

1. **Умирзакова М.А., Бауыржан С.**
Өмірдің қиын жағдайына түскен отбасы балаларына әлеуметтік қызмет көрсету5
2. **Зәкіртай Ұ.Н.**
Әлеуметтік мекемелердегі қарттардың тынығу ерекшеліктері.....9
3. **Кажығалиева А.Б.**
Балаларға арналған сенім телефоны әлеуметтік жұмыстың формасы ретінде.....13
4. **Қалдышева Т.Ж., Абдрашева Б.Ж., Сәрсен А.С.**
Халықтың осал топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуының алдын-алу бағдарламаларын жүзеге асыратын мекемелердегі әлеуметтік жұмыстың кейс-менеджменті.....19
5. **Қуатова А.С.**
Еріктілер қызметі қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған қызмет ретінде.....24
6. **Нұрғабден Б.М.**
Әлеуметтік қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын құқықтық қатынастар негізінде жетілдіру қажеттілігі: ғылыми контекст.....30
7. **Умирзакова М.А.**
Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда отбаслық бизнесті дамыту жолдары.....35
8. **Абетова З.Т.**
Инновации в образовании: социальные ожидания, установки студенческой молодежи.....42
9. **Асет Л.Е.**
Кейс-менеджмент на уровне первичной медико санитарной помощи.....50
10. **Әбдікерова Г.О.**
Әлеуметтік жұмыстың медико-әлеуметтік аспектілері.....54
11. **Уашева А. К., Құрақ Б. Ә.**
Психикалық денсаулығында ауытқушылықтары бар адамдарды әлеуметтік-психологиялық оналту.....60

12. Асет Л.Е. Неблагополученная семья и проблемы внутрисемейных отношений.....	67
13. Әлмұрат Д.Қ. Интернеттің жастар психологиясына және өмір сүру салтына әсерін анықтау.....	80
14. Байғабылов Н.О.; Мұсабаева А.Б. Репатрианттармен әлеуметтік жұмыс жасау қажеттілігі бүгінгі күні талабы.....	86
15. Берикболова У.Д. Дисфункционалды отбасы: пайда болу себептері, ерекшеліктері, әлеуметтік қорғау шаралары.....	91
16. Жандуллаев Ж. Т., Кәмен Д. Қ. Әлеуметтік геронтология әлеуметтік жұмыстың бір бағыты ретінде.....	98
17. Жұмабек С. Қалалық көше жарнамасындағы мәселелерді және оны шешу шараларын талдау.....	102
18. Коняхина А.А. Профликатика социального сиротства: основные подходы.....	106
19. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Сатаева С.Х. Модель технологии кейс-менеджмента в работе с лицами, страдающими от ожирения.....	111
20. Урузбаева Г.Т.; Карим Ж.; Аубакирова А.К. Учебно-методические основы обучения анализу кейс студентов будущих социальных работников.....	117
21. Шингизбаева М. Н. Балама жазалардың түрлері заңнаманы ізгілендіру тәсілі ретінде... ..	122
22. Смагамбет. Б.Ж. Қамқорлық – заманауи әлеуметтанудың объектісі.....	127
23. Исахова Г.Д. Қазақстандағы ажырасудың әлеуметтік экономикалық салдары: балаларға алимент төлеу бойынша мәселелер.....	131
24. Исаханова А.А., Даулетова Д.М. Социальная реклама в современных реалиях.....	136
25. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Аралбай А.А. Технология CASE WORK как исследование идентификации клиента.....	140
26. Аширбаева Ф.М. Қазіргі заманғы көші қон мәселелері.....	145
27. Отар Э.С. Адаптация среднего класса Казахстана к постсоциалистической действительности.....	150

еріктілер жұмысын жоспарлауда қолданылатын нысандар мен әдістерді дамытуға, әлеуметтік салада еріктілік топтардың өзара іс-қимылын жүзеге асыруға, бірлескен жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруға ықпал етеді. Еріктілік қозғалыстарда алынған білімдер және әлеуметтік белсенділіктің әртүрлі көріністері арқылы ерікті қызметті жоспарлауда қолданылатын нысандар мен әдістерді дамытуға, еріктілердің өзара іс-қимылын жүзеге асыруға ықпал етеді

Еріктіліктің бастауы ерте заманнан басталады. Адамдар ерте уақыттан бастап, бір-біріне қол ұшын беріп, көмектесіп отырған. Қоғам үшін еріктілердің маңызы зор. Себебі, кез-келген әлеуметтік мәселелердің алдын-алуға олар көп пайдасын тигізеді. Мемлекеттің күші жетпейтін мәселелерді шешуде жақсы жұмыс атқарады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Служение обществу. Пособие по развитию волонтерской деятельности учащихся организаций образования. Составители Аргынов А.Х., Жумақанова Р.А. - Алматы, Научно-информационный центр гражданского образования, 2009, 183 с.
2. Мотвиченко, И.А. Волонтерство – перспективное направление/ И.А. Мотвиеченко // Социономия. – 2002. – № 1. – С. 13-21
3. Социальное волонтерство. Теория и практика. — Москва: Омега-Л, 2016. — 128 с.
4. Бодренкова Г. И. Добровольчество / Г. И. Бодренкова // Социальная работа. – 2006. №1. – С. 52-56.
5. «Будущее, которое мы хотим» Национальные консультации в Казахстане по программе развития на период после 2015г . / Отчет страновой команды ООН в Казахстане за 2012- 2013г. - Астана, 2013 г. – 72 с.
6. Шиндаулетова С.С. Проблемы правового регулирования волонтерской деятельности: Обзор/С.С. Шиндаулетова. – СПб: Фортесс, 2008.-44 с.
7. Волонтерлік қызмет туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 42-VI ҚРЗ.

ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ ЛАУАЗЫМДЫҚ НҮСҚАУЛЫҒЫН ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАТЫНАСТАР НЕГІЗІНДЕ ЖЕТІЛДІРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ: ҒЫЛЫМИ КОНТЕКСТ

Нұрғабден Б. М.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті

Әлеуметтік жұмыс 1-курс магистрант

Исаханова А.А.

Әлемде әлеуметтік жұмыстың ғылым ретіндегі мәні мен маңызына жете көңіл аударылмауынан, қазіргі заманғы қоғамда жемқорлық, бұзақылық пен әдепсіздік басым түсуде. Олармен күресте адамзат дамуының қозғаушы күштері – ғылым мен білім, өнер мен мәдениет жеңіліске ұшырауда. Мұны әлемдік моральдық дағдарыс деп түсінуші, әлеуметтанушы В.А. Канке этиканы мораль туралы ғылым деп танушыларға «иммориализм» деген термин ұсынады. Философия, оның ішінде әлеуметтану ғылымының бір тармағы – әлеуметтік этикаға ұзақ ғасырлар бойы жеке ғылыми бағыт берілмеуінен, әлеуметтік этика білім саласынан қалыс қалды. Осы себепті өркениет дамуы этика дағдарысына душар болды, – деп атап көрсетеді.

Қазіргі кезде барлық елдерде дерлік, әлеуметтік жұмыста ақпараттық технологияны, ғаламторды кеңінен пайдалану дамып келеді. Жалпы, әлеуметтік жұмыс негізі, Қазақстанда іс-тәжірибе арқылы орнығып келе жатқанын, ал ғылыми-зерттеулер, көбіне Ресейде жүргізілетінін атап өткен жөн. Мәселе түйіні, шынайы жағдайда тәжірибелік білім хатталып, жазыла бермейді. Нәтижесінде, ұзақ жылдар бойы жинақталған ілім-білім, тәжірибені жас ұрпаққа, әлеуметтік қызметкерге беру мүмкін болмай қалады. Әрбір келесі ұрпақ, бұрынғылар өткен жолды қайталауға мәжбүр. Әлеуметтік жұмыстағы жақсы нәтижелер, құнды тәжірибелер жинақталмайды. Мұның өзі кәсіптік әдіс-тәсілдердің дамуына елеулі кедергі болуда. Сол себепті елімізде осы уақытқа дейін біршама социологиялық-әлеуметтанулық қолданбалы ғылыми-зерттеулер жүргізілуде. Өркениеттің, мәдениеттің дамуына ғылымитәжірибелік талдау жасалып, әлеуметтік жұмыс қызметкерлерінің жұмыс істеуінің тиімді және перспективалық нұсқаларын әзірлеу, дәріптеу, көшпенді және жергілікті тұрақты мәдениетті және олардың өзара іс-қимылының аспектілерін, ежелгі уақыттан бастап, бүгінгі күнге дейін Еуроазия аумағында болып өткен басқа да этно-мәдени үдерістерді зерделеуді ұйымдастыру көзделіп отыр.

Әлеуметтік жұмыс қызметкері әртүрлі әлеуметтік рөлдер мен қатар келесі функцияларды атқарады:

- Оқыту-тәрбиелік қызметкер ересектер мен балалардың тәрбиесі мен қызметіне мақсатты түрде бағытталған педагогикалық әсер етуді қамтамасыз етеді, олардың білім алуы мен тәрбие жұмыстарына, басқа да әлеуметтік институттарға кәсіби әсер етеді. Олар: отбасы, білім беру мекемелері, еңбек ұжымы, бұқаралық ақпарат құралдары, діни мекемелер және қоғамдық бірлестіктер. Диагностикалық қызметкер «әлеуметтік диагноз» қояды, психологиялық және жастық ерекшеліктерін, адамның қабілетін анықтайды. Олардың қызығушылықтарын, өмір сүру сапасын, қоршаған ортасын бақылап, проблемаларына позитивті және негативті әсер етеді [2].

- Ұйымдастырушылық қызметкер балалар мен ересектердің қоғамдық қызметтеріне әсер етеді. Кәсіби бағытталуына, бейімделуіне, еңбекке орналасуына көмектеседі. Клиенттің медицина, білім беру, мәдениет, спорт, құқықтық мекемелермен, қоғамдық және қайырымдылық ұйымдармен қарым қатынасына әсер етеді. Жоба және бағдарламалардың, жоспарлардың жүзеге асуын қамтамасыз етеді [2].

- Болжамдық қызметкер жоспар құруға, әртүрлі микро әлеуметтік бірлестіктердегі және микро аудандардың әлеуметтік дамуының бағдарламалары мен жоспарларына қатысады, баланың нақты тұлғалық дамуына әлеуметтік экономикалық бағдарламаларды ойластырады, әлеуметтік педагогикалық тапсырмаларды шешу үшін схема, алгоритм ойластырады [2].

- Профилактикалық және әлеуметтік терапиялық, негативтік әсердің алдын алуда әлеуметтік қызметкер әлеуметтік құқықтық, психологиялық тұрғыдан көмектеседі, қоғамдағы адамның құқығын қамтамасыз етеді, жастар мен жасөспірімдердің әлеуметтік және кәсіби қалыптасуына септігін тигізеді [2].

- Ұйымдастырушылық-коммуникативтік әлеуметтік қызметкер өз бетінше көмек көрсетушілер мен клиент арасында жеке және іскерлік байланысты орнатады, олардың бірлескен демалыс пен еңбектерін ұйымдастыруға көмектеседі, әртүрлі әлеуметтік институттармен ақпараттық және өзара қарым-қатынастарын бір жүйеге келтіреді [2].

- Құқық қорғаушылық клиенттің қызығушылығын қанағаттандыру үшін барлық құқықтық нормаларды қолданады. Клиентке тікелей немесе жанама түрде қарсылық көрсеткен адамдарды заңды түрде жауапқа алады [2].

- Делдалдық әлеуметтік қызметкер отбасымен, әлеуметтік білім беру мекемелерімен, жақын ортамен, баланың қызығушылығындағы институттармен жақын қарым-қатынаста болады [2].

Болашақ әлеуметтік қызметкер ең бірінші өздерін халықтың әлеуметтік топтарының арасындағы көшбасшы ретінде сезінуі керек. Кәсіби дәрежесіне жету үшін, олар адамдардың дамуын, қарым-қатынасын, өзгерісін, қиыншылық әсерлерін, мәселелерін, жеке адамдардың қоғамдық өмірін білуі керек, сонымен қатар олардың ішкі жан дүниесін, мүмкіндіктерін ашуға көмектесу керек. Әркім өз өмірін қалауынша сүруге және қалыптастыруға құқылы екендігін түсіндіру керек. Оқыту-тәрбие процесінде туындаған проблемалардың жолын іздестіруде тәрбие, даму және тұлғаның әлеуметтенуіне көмектесу барысында жаңа қызметтерді енгізуге алып келді. Мектептерде педагог-психолог, педагог, әлеуметтік педагог сияқты мамандықтар ашылды. Әрқайсысының өзіндік ерекшелігі, біліктілік дәрежесі, білім беру процесінде орны бар.

Қазіргі кезде Қазақстан барлық салада, соның ішінде әлеуметтік салада құқықтық базаны реттеуге басты назар аударушы мемлекет болып табылады. Әлеуметтік қызметкер Қазақстан Республикасының әрбір

азаматы сияқты нормативтік құқықтық базаның толық мазмұнын білуі тиіс. Осы заңдарды біле отырып, ол келесі нормативтік құқықтық актілерге ерекше ден қоюы керек:

- халықаралық құжаттарға (конвенция, акт және келісімдер);
- мемлекеттік маңызы бар құжаттар;
- білім беру саласына байланысты құжаттар;
- мекемеішілік құжаттар;
- ҚР Конституциясы.
- Әлеуметтік жұмыстағы іс-қағаздарды жүргізу тәртібі:
- мекеме мен жұмысшының қызметін анықтайтын нормативтік-құқықтық актілер;
- мекеме мен жұмысшының жылдық, айлық және апталық жоспарлары;
- тексеру актілері;
- ағымдағы жеке жазбалар;
- проблеманы шешуге байланысты қатынасқа түскен ұйымдармен арадағы хаттамалар және есептер;
- әлеуметтік-педагогикалық және басқа да зерттеулердің негізіндегі аналитикалық анықтамалар мен есептер;
- жеке тұлғалармен жүргізіліп жатқан жұмыстардың құжаттары және медико-психологопедагогикалық жұмыстар;
- мәселе бойынша ұйымдастырылған отырыс, жиналыс, кездесулер мен педкеңестердің хаттамалары.

Жоғарыда айтылғандай, әлеуметтік қызметкер өзінің клиентінің мүддесін қорғай отырып, әртүрлі ведомствалар, арнайы әлеуметтік ұйымдар мен құзыретті тұлғалармен қарым-қатынасқа түсе білуі керек.

Қазақстан Республикасының заңдарын, арнаулы әлеуметтік қызметтерді ұсыну жөніндегі өзге де нормативтік-құқықтық актілерді, арнайы педагогика, психология және әлеуметтік жұмыс негіздерін білу әрбір әлеуметтік қызметкерден міндетті түрде талап етіледі. Аталған талаптар:

- Қарт адамдарға күтімі бойынша қызмет көрсету.
- Кереуеттен тұруға, киінуге, жуынуға тамақтануға, дәретхананы пайдалануға, үйде жүріптұруға, хат жазуға және оқуға, стационарлық мекемеге апаруға жәрдемдесу.
- Тамақ өнімдерін, ыстық түскі асты, бастапқы қажетті өнеркәсіптік тауарларды, дәрілік заттарды, медициналық мақсаттағы бұйымдарды сатып алу және үйге жеткізу, тамақ дайындауға жәрдемдесу.
- Жеке үйлерде су әкелу, пеш жағу, орталық жылуы жоқ үйлерде тұратын адамдар үшін отынмен қамтамасыз етуге жәрдемдесу.
- Заттарды кір жуу орындарына, химиялық тазартуға, жөндеуге тапсыру және оларды кері қарай жеткізу, киімдерді жууға көмектесу.
- Тұрғын үй және коммуналдық қызмет көрсетулерді төлеуге жәрдемдесу, әдет-ғұрыптық қызмет көрсетулерді ұйымдастыру.

- Денсаулық жағдайын ескере отырып, күтімді қамтамасыз ету, санитарлық-гигиеналық қызметтер көрсету – сылау, жуындыру, гигиеналық ванналар, тырнағын алу, тарау.
- Денсаулық жағынан бақылау дене қызуы мен қан қысымын өлшеу.
- Дәрігердің тағайындауына сәйкес, медициналық рәсімдерді жасау – дәрі қабылдау, тамшы тамызу, компресс қою, өңдеу, тазарту, клизма жасау.
- Психологиялық көмек көрсету әңгімелесу, тыңдау, сергіту, белсенділікке ықылас, өмірлік тынысын психологиялық қолдау, шұғыл дәрігерге дейінгі көмек көрсету.
- Техникалық көмек құралдарын алуға көмектесу, оңалту бағдарламасына сәйкес санаториялық-курорттық емделуге жіберу, госпиталдандыруға жатқызуға жәрдемдесу.
- Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізуге жәрдемдесу.
- Әлеуметтік-құқықтық қызмет көрсетуді ұсыну, әлеуметтік мәселе бойынша консультация беру.

Әлеуметтік қызметкерлер бастапқы, физиологиялық сипаттағы өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыруға қызмет көрсетеді. Штаттық нормативтер 1457-2005 Қазақстан Республикасының стандарттарына сәйкес айқындалған. Қазіргі кездегі әлеуметтік қызметкерлердің кәсіби этикасын қалыптастыру үлгілері туралы тұжырым жасау үшін, елдегі әлеуметтік қорғау жүйесінің жайкүйін анықтап алу қажет болады. Еліміздегі әлеуметтік қорғау жүйесінің негізгі қаржыландыру көзі мен реттеушісі – мемлекет. Ал оның негізгі реттеу құралы - тиісті заңнамалық құралдар. Жетілдірілмеген заңнама, әлеуметтік қорғау жүйесінің тым көп кемшіліктері, сол жүйеде қызмет ететін кәсіптік қызметкерлердің кәсіптік-этикалық көзбояушылыққа баруына апаратыны түсінікті. Әділдік жоқ жерде этика ұстанымдары жөнінде екіжүзді адам ғана мәселе көтереалады. Кеңестік замандасоциалистікәлеуметтік қорғау жүйесін басынан өткерген халықтың басым бөлігі, негізінен, елдегі әлеуметтік жағдай халықтың ауыртпалыққа ұшырау жағдайы деген ой-пікірде. Осындай жағдайда, кәсіптік қызметкердің ғалымсынуы, этика, мораль талаптарын ұсынуы немесе талап етуі оның абыройын арттыру орнына, ең азы, күлкіге ұшырататыны анық. Жазушы Рудий Фиш:

«...Заңгер – құқық әрпіне ақылсыз жармаспай, әмірші қысымына беріле салмай, заңның рухтық қасиетін бойына сіңіре отырып, құқық пен өз ар-ожданына қызмет етуі тиіс. Шешім өктемдікпен, өткен күннен емес, бүгінгі күнгі жағдайдан туындауы қажет...» деп жазған екен.

Қорыта айтқанда, Қазақстандық әлеуметтік қызмет пен ондағы қызметкерлер алдында кезек күттірмес бірқатар мәселе қойылып отыр, біріншіден, кәсіптік-этикалық деңгейге кәсіптік заңнамалық дәреженің сай болуын түбегейлі шешу қажет; екіншіден, қоғамдағы әділеттілік пен тәртіптілік мәселесін, егер күштік құрылымдар шеше алмайтын болса, қоғам өз қолына алатыны анық.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. – Алматы.
2. “ҚазҰУ Хабаршысы” журналы, К.А. Абеннова, Д.А. Арын – Алматы, 2013.
3. «Арнаулы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жыл 29 желтоқсандағы № 114-IV Заңы.
4. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметкерлерінің ар-намыс кодексі. (Мемлекеттік қызметкерлердің қызмет этикасы ережелері) = Кодекс чести государственных служащих Республики Казахстан. – Алматы: Жеті жарғы.
5. Агапов Е.П. Методика исследований в социальной работе: учебное пособие. – М.: Дашков и К.
6. Галагузов А.Н. Социально-педагогические задачи: учебное пособие. – М.: Владос.
7. Канке В.А. Современная этика. – М.: Омега-Л, 2008.
8. Курбатов В.И. Социальная работа: учебное пособие. – М..
9. Павленок П.Д. Введение в специальность «Социальная работа»: учебник – М.: ФОРУМ-ИНФРА-М.

ХАЛЫҚТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTУДА ОТБАСЫЛЫҚ БИЗНЕСТІ ДАМУ ЖОЛДАРЫ

УМИРЗАКОВА М.А.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті
э. ф. к, м.а. профессор
Қазақстан, Қызылорда

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының негізгі мақсаты халықтың әл-ауқатын арттыруға қол жеткізу болып табылады. Адам факторы, адам дамуы – Қазақстан үшін стратегиялық міндет.

Жалпы, әлеуметтік саясатты іске асыру экономиканың даму қарқыны мен әлеуметтік кепілдіктерді сақтау ісін шебер ұштастыруды талап етеді. Бұл орайда, бүгінде мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық рөлі өзгергенін есте сақтау керек. Халықтың мемлекет көмегіне шынында да мұқтаж, өз бетімен күн көре алмайтын топтарына басымдық беріледі. Ал қоғамның қалған бөлігі экономикалық еркіндік қағидалары, олардың құқықтық қорғалуы негізінде өзін-өзі қамтамасыз етуі керек.

Біздің пікірімізше, халықтың өмір сүру сапасын жақсарту үшін мемлекеттен берілетін жәрдемақы, әлеуметтік көмектер мен еңбекақыға ғана сүйенбей отбасылық бизнесті дамыту қажет.